

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 23 сәуірдегі № 84-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық және өзге актілерінің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық және өзге актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 3

с ә у і р д е г і

№

8 4 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық және өзге актілерінің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Акт нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік органдар	Орындалу мерзімі

1	2	3	4	5
1.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, ҚТҮКША, ТМРА, АШМ, БҚА	2012 жылғы маусым
2.	Энергия тұтынудың нормативтерін бекіту және «Энергия тұтыну нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 50 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ	2012 жылғы маусым
3.	Дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың электр желілеріндегі қуат коэффициентінің нормативтік мәнін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, ҚТҮКША	2012 жылғы маусым
4.	Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, БҚА	2012 жылғы желтоқсан
5.	Мемлекеттік энергетикалық тізілім операторын айқындау туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, БҚА	2012 жылғы желтоқсан
6.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдар қызметтерін бағалау тетігін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ	2012 жылғы маусым
7.	Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың және олардың қоршау конструкцияларының бөлігі болып табылатын элементтерінің энергия тиімділігі жөніндегі талаптарын белгілеу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, ҚТҮКША	2012 жылғы маусым
8.	Көліктің энергия тиімділігі бойынша талаптарды белгілеу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, ККМ	2012 жылғы тамыз
9.	Электр қозғалтқыштарының энергия тиімділігі бойынша талаптарды белгілеу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, ККМ	2012 жылғы маусым
10.	Үйлердің, ғимараттардың, құрылыстардың энергия тиімділігі сыныбын айқындау және қайта қарастыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, ҚТҮКША	2012 жылғы маусым
11.	Энергия аудитін жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, ҚТҮКША, БҚА	2012 жылғы маусым
12.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, ҚТҮКША, БҚА	2012 жылғы маусым
13.	Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына		ИЖТМ, ЭДСМ, ҚТҮКША	2012 жылғы маусым

	қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы		
14.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы үлгі келісімді бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, БҚА	2012 жылғы маусым
15.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы салалық бағдарламаны бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ	2012 жылғы қыркүйек
16.	Энергия аудитінің қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, ҚТҮКША	2012 жылғы желтоқсан
17.	Энергия аудитін және (немесе) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру сараптамасын жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ энергия менеджменті жүйесін құру, енгізу және ұйымдастыру жөніндегі оқу орталықтарының қызметі қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, ҚТҮКША, БҒМ, БҚА	2012 жылғы маусым
18.	Орталық атқарушы органдардың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуы жөніндегі есептерінің нысанын және оларды ұсыну мерзімдерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, БҒМ, ККМ, МГМ, АШМ, ТМРА, ҚТҮКША	2012 жылғы маусым
19.	«Ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 қарашадағы № 1174 қаулысына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	М Г М , Қоршағанортамині, ТЖМ, ИЖТМ	2014 жылғы қараша
20.	«Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚТҮКША, ИЖТМ, ЭДСМ	2012 жылғы маусым
21.	«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 қазандағы № 1328 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚТҮКША, ЭДСМ, БҚА	2012 жылғы сәуір
22.	«Объектілерді салу үшін бастапқы материалдарды (деректерді) және рұқсат беретін құжаттарды ресімдеу мен беру тәртібін оңайлату жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы		2012 жылғы сәуір

	2008 жылғы 6 мамырдағы № 425 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы		ҚТҮКШИА, ЭДСМ, БҚА	
23.	«Сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік құрылыс инспекторларын аттестаттау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 мамырдағы № 437 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚТҮКШИА, ЭДСМ	2012 жылғы сәуір
24.	«Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 шілдедегі № 1071 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚТҮКШИА, ЭДСМ, БҚА	2012 жылғы сәуір
25.	«Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы және лицензиялау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметіне сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 қыркүйектегі № 1415 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚТҮКШИА, ЭДСМ, БҚА	2012 жылғы сәуір
26.	«Мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 қазандағы № 1036 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚТҮКШИА, ЭДСМ, БҚА	2012 жылғы сәуір
27.	Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың нысанын бекіту туралы	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ	2012 жылғы маусым
28.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияны құру, оның құрамы және қызмет қағидаларын бекіту туралы	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ, ЭДСМ, БҚА	2012 жылғы маусым
29.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ, ЭДСМ, ҚТҮКШИА, АШМ	2012 жылғы маусым
30.	Тексеру парақтарының нысандарын және тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы	ИЖТМ және ЭДСМ бірлескен бұйрығы	ИЖТМ, ЭДСМ	2012 жылғы маусым
	«Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында тексеру парағының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Құрылыс және			

31.	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 28 наурыздағы № 123 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 75 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Бірлескен бұйрық	ҚТҮКШИА, ЭДСМ	2012 жылғы сәуір
32.	«Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жеке кәсіпкерлік саласында тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 28 наурыздағы № 124 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі 2011 жылғы 31 наурыздағы № 73 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Бірлескен бұйрық	ҚТҮКШИА, ЭДСМ	2012 жылғы сәуір

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі

МГМ – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі

АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қоршаған орта министрі – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ТЖМ – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

ҚТҮКШИА – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

ТМРА – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

БҚА – Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі